



ДӘСТҮРЛІ ХАЛЫҚ КИІМІНІҢ «ӘЛЕМ ҮЛГІСІ» БЕЙНЕСІН- ДЕГІ ДҮНИЕТА- НЫМДЫҚ БЕЛГІЛЕРІ

ӘОЖ 347.782

САРА КРЫКБАЕВА,
ГУЛМАРИЯ ҚАЛДЫБАЕВА
(Алматы, Қазақстан)

ДӘСТҮРЛІ ХАЛЫҚ КИІМІНІҢ «ӘЛЕМ ҮЛГІСІ» БЕЙНЕСІНДЕГІ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ БЕЛГІЛЕРІ

Абстракт

Бұл мақалада түркі халықтарының дәстүрлі дүниетанымында киім мифологиялық әлем моделі ретінде барлық материалдық заттардың құрылымы мен мағынасы тепе-теңдікте сақталып, өзара байланысы мен бейнеленуі мәдени-философиялық, өнертанымдық тұрғыдан қарастырылады.

Дәстүрлі мәдениеттің кейінгі даму кезеңдерінде киімге байланысты түсініктер «бақыт», «молшылық», «игілік», «гүлдену» сияқты мәндерді беретін «құт» сөзімен байланысты күрделі идеологиялық кешеннің бір бөлігі болып саналған. Түркілерде «құт» сөзі генетикалық тұрғыдағы мағыналармен байланысты «өмірдің, отбасының бастауы», «өмірлік күш», «жан құрсағы» деген ұғымдарды білдірген. Сондай-ақ киім және оның қандай да бір элементтері иесіне игілік, құт әкелуші деп саналған, яғни киім иесін айқындайтын зат, таңба ретінде бейнеленген.

Тірек сөздер: философиялық таным, руханилық, рәміздік, адамзат, киім, мифологиялық.

СИМВОЛЫ МИРОВОЗЗРЕНИЯ ОБРАЗА «МОДЕЛИ МИРА» В ТРАДИЦИОННОЙ НАРОДНОЙ ОДЕЖДЕ

Абстракт

В статье одежда рассматривается с точки зрения культурно-философских и искусствоведческих аспектов в традиционном мировоззрении тюрков как мифическая модель мира, форма и содержание которой находятся в равновесии.

В развитии традиционной культуры понятия, связанные с одеждой, являлись частью идеологического комплекса «благополучие», который имел такие значения как «счастье», «обилие», «процветание». У тюрков понятие «благополучие» было связано с генетическими понятиями, такими как «начало жизни, семьи», «жизненная сила», «душа – утроба». Они также считали, что одежда и ее элементы приносят «обилие» и «процветание» человеку, то есть одежда была определяющим, характеризующим признаком человека.

Ключевые слова: философское мировоззрение, духовность, символический, человечество, одежда, мифический.

Abstract

The article examines the traditional worldview of the Turkic peoples clothes as the mythological "world model" and being equal to the relationship between the structure and meaning of all materials with cultural and philosophical aspect.

In the development of traditional cultural, the concepts related to clothing were part of the ideological complex "welfare," which had meanings such as "happiness," "abundance," "prosperity." The concept of "welfare" for Turks has been associated with genetic concepts such as "the beginning of life, the family," "life force," "the soul - the womb." They also believed that the clothing and its elements bring "abundance" and "prosperity" to the man, the clothes were determining characterizing feature of the person.

Keywords: philosophical worldview, spirituality, symbolic, clothing, mythological.

Дүниетаным – адамдар мен табиғатқа, жалпы құндылықтарға, моральдық нормаға тұлғаның жалпы қатынасын қоғам мүшелерімен ортақ көзқарасын қалыптастыратын, қоршаған ортамен қатынас орнатуда сенім, қалып, танымды айқындайтын негізгі өлшем болып табылады. Оның ауқымы өте кең. Адам өзін қоршаған дүние болмысындағы шынайы көріністерді қабылдау, қарастыру, түйсіну, елестету, ұғыну, меңгеру, тану секілді түсінік ұғымдарымен ұштастырады. Адамзаттың өмір сүретін ортасы, тіршілік-тұрмысының, ұлттық психологиясының, тілі мен өнерінің қайнар көзі барлық уақытта қоршаған табиғат деуге негіз бар.

Адам санасынан туындаған құбылыстардың әртүрлі наным-сенімдердің шығу себебін табиғаттан іздеу арқылы адам мен табиғат бірлігін түсінуге болады. Табиғат адамды жаратушы ғана емес, оның бүкіл қоғамдық өміріне әсер етуші фактор.

Заттың заттануы олардың бұйым болып көрінуімен шектелмейді. Киім «әлем моделінің» бір көрінісі саналды, сондықтан киім жасау үдерісі де әлемді жарату ісімен, пішінін қайталау ретінде қабылданады.

Әлем кеңістік пен уақыт моделінің дүниетанымында заттық, зооморфтық, антроморфтық бейнелерде көрініс

тапқан. Көне түркілер түсінігі бойынша әлем жаратылысының үш бөлімді құрылымы тұрақты қалыптасып, ғарыштың үш әлемінен құралады: «орта әлем, мұнда адамдар мен аңдар өмір сүреді, жоғары және төменгі әлем, мұнда аруақтар мекен еткен» [1, 400 б.].

Үштік құрылымды жүйенің пайда болуы, дамуы және аяқталуы рәміздік абсолютті жетілу мен таусылуды жалғастырып отырған.

Дүниеде қарама-қайшылықсыз ешнәрсе жоқ, оны адамзат ерте заманнан білген. Қандай да бір зат, құбылыс болмасын, ол қарама-қайшылықсыз, олардың бірлігі мен күресінсіз өмір сүрмейді, мәселен, әрекет пен қарсылық, дұрыс пен бұрыс, ақ пен қара, тұрақтылық пен өзгеріс, өлім мен өмір, жалпылық пен жекелік т.б. Қарама-қайшылық әрбір заттың өз ішінде де болады. Әр зат өзімен-өзі емес, басқа бір нәрсенің символы ретінде қызықтырады.

Дәстүрлі мәдениетте ой-сана мен дүниетанымның, өмір болмысы мен көзқарастың өзара байланысы қамтылады. Көркемөнер шындықтың жансыз көшірмесі емес, ол заманның этномәдени-рухани мәнін, көркем эстетикалық идеяларын мағыналы мазмұнға айналдырған биік этникалық қасиеттерінің рәміздік көрінісі.

Адам сезім арқылы затты сезеді,

затқа деген сезімталдық - оған қатынас деңгейінде анықталады. Затты сезу сол уақыттағы адамның ішкі күйіне байланысты, ал көптеген заттардың сәйкестігі өзінің шығу тегін білдіріп, зат әлемін құрайды. Заттың адам денесінің мүшесімен байланысы кодталып - адамның оны қабылдау деңгейіне қарай анықталады.

Заттар санағының түзілуі мен жетілуі, өлшенуі әртүрлі объектілерге телінуі сандық сипаттамалардың сан ұғымын білдірген. Белгілі бір жануарлармен, жыл мезгілдерімен, адам тәнінің мүшелерімен, әлеуметтік иерархиямен, ғарыш рәміздерімен, геометриялық пішіндермен салыстыру көптеген этникалық дәстүрлерде орын алған [2, 214-215 бб.].

Әлемді бейнелеуге адам организмін модель ретінде қолдану, кез келген объектіні адамға ұқсату - антропорфизациялау архаикалық мәдениеттің басты ерекшелігі болып табылады. Себебі, адам организмі дәстүрлі санада мифтік ғарышты жасаудың ең көрнекті моделі болып табылған.

Философиялық таным адам тәнінің «ғарыштық» құрылымы туралы көне түсініктерден құралады: бас – аспан, кеудесі – жер, аяғы – тозақ. Космогониялық дәуірдің мифопоэтикалық дүниетанымы макро ғарыш пен микро ғарыштың, дүние мен адамның ұқсастығынан келіп шығады.

«Түрлі мифологиялық салт-дәстүрлерге қатысты әр ғарыштың (табиғи) және адами (тән – жер, қан – су, шаш - өсімдік, сүйек – тас, көру (көз) – күн, есту (құлақ) – дүние тараптары, тыныс алу (жан) - жел, бас – аспан, тәннің түрлі мүшелері – түрлі әлеуметтік топтар және т.б. суреттейтін көптеген мәтіндер тобы бар. Осы қағида ғарыштық

кеңістік пен жерді ғана емес, сондай-ақ басқа да салаларды, тұрғын жайды, киімді анықтайды, олардың түрлері, бөліктері тілдік және тілден үстем деңгейлерде адам денесі элементтері атауларымен арақатынаста болады...» [3, 11-12 бб.].

Ғылыми және діни тұжырым бойынша адамның тіршілік өзегін үш негізгі компонент құрайды: адам тәні, жаны және рухы. Біріншіден, адам физикалық денеден тұратыны даусыз. Екіншіден, адам жаны мен денесін ажыратып қарастыру мүмкін емес. Себебі, жан адамның психикасын анықтайды, әрі күш- қуаттың, ынта-жігердің, тыныс-тіршіліктіңкепілі болып табылады. Ол адамның сезімімен, көңіл-күйімен, ерік-жігерімен және санасымен байланысты. Үшіншіден, руханилық - адамға ғана тән. Адам рухын дамыған ұжданмен, ішкі сезіммен және рухани бастаулармен, иррационалды түйсінулермен байланыстырамыз. Егер осы үш компоненттің біреуін адам бойынан алып тастасақ, ол не өледі, не мәңгүртке айналады. Дала төсінде өскен ата-бабаларымыз әлемге деген өзіндік құштарлықтарын өмір салтымен үйлестіре отырып, өзінің әр әрекетін табиғат әлеміне бағындыра білген.

Көне дәуірдегі ұғым бойынша әлем көп қабатты және үш деңгейден тұрады: жер асты, жер ортасы және аспан әлемі. Бұл ұғым негізінде қарастырылған адам мен табиғат үйлесімділігінің куәсі ретінде дәстүрлі киімнің мысалында философиялық талдау жасауға болады. Өйткені әрбір киімнің бөлшектері рәміздік белгінің құрылымдық жүйесі мен мағынасы халықтың дүниетанымын сипаттайды.

Түркілік дәстүрлі мифологияда адам денесінің бөліктері әлем шекараларын белгілейтін жоғары, орта, төмен деген

ұғымдармен және дүниенің төрт тарабымен сәйкестендіріліп жаратылған. Адам денесі бас, кеуде және аяқ болып байланысқандықтан дәстүрлі киімде бас киім, кеуде киімі және аяқ киім болып басты орында тұрған [4, 122 б.].

Мысалы, Есік қорғанынан табылған алтын адам киімі: 1) бас киім; 2) кеуде киім; 3) аяқ киім деп, оның қанжарын тік бойынан үшке ажыратылған. Қанжарда «грифон» деп аталатын қиялдан туындаған бейне көрініс тапқан. Грифон жоғарғы дүниенің, хайуанаттар жердің, ал, жылан жер асты дүниесінің тіршілік иесі болып саналған. 1) қанжардың ұшы, оның екі жағына жылан бедері салынған; 2) қанжардың жүзі, оның екі жағына хайуанаттар бейнесі салынған; 3) қанжардың жоғарғы бөлігі, онда арыстан денелі бүркіт бейнесі қашалған. Бас киіміндегі «алтын таулар» да үш биіктіктен тұрады: биік, орта және екі шеткі аласа. Әлемдік ағаш дүниенің сакральды кіндігінде орналасқан да, үш дүниені жалғастыра тік жоғары бағытталған. Сондықтан дәстүрлі дүниетанымда тік бағытталған заттардың бәрі сакральды болып, әлем ағашына ұқсас бейнеде болады да, тік тұрған заттың бәрі (өсіп тұрған ағаш, діңгек, адалбақан, бақан, адам денесі т.б.) әлем ағашының орнын баса алатын нақыш саналған. Жалпы киім композициясындағы әрбір бейненің үш тіктік құрылымы адам мүшесінің морфологиясымен сәйкестендіріліп, осьтік тепе-теңдік заңдылығында қатаң сақталған.

Дәстүрлі мәдениетте ағаш сапқа орнатылып, тік бағытталған қару да әлемдік ағаштың символына айналып, ол да әлемдік ағаш сияқты дүниелерді жалғастыру қызметін атқарған. Сондықтан қарудың басындағы өрнектер – «әлем ағашы, өмір ағашы» өрнегінің түрлі нұсқалары болып табылады.

Материалы да ескеріліп отырған.

Адам тәні киімнің рәміздік белгі қызметінің алуан түрлі қасиетінен туындататын модель деуге негіз бар. Киім адамның өмір сүруіне аса қажетті негізгі құралдардың бірі бола отырып, белгілі дәрежеде олардың жас айырмашылығын, әлеуметтік жағдайы мен эстетикалық ортасы туралы мағлұмат беретін этномәдени белгі.

Түркі халықтарының дәстүрлі дүниетанымында материалдық ескерткіштердің бәрі де осы мифологиялық әлем моделін бейнелейді және барлық материалдық заттар құрылым мен мағынасы жағынан өзара тепе-теңділік байланысты сақталған.

Кеңістік ежелгі адамдардың түсінігінде ғарыштың орталық нүктесінде реттеледі. «Ол кеңістік таза жүйе түрінде бейнеленген жоқ, күштердің арақатынасы арқылы орнатылды» [5, 23 б.].

Әлемді қоршаған түрлі құбылыстарды түркі халықтары анатомиялық кодтың белгілерімен, яғни әлеуметтік құрылымдар, уақыт пен кеңістік, заттың параметрлерімен белгілеп те отырған.

Ежелгі ғалымдар Геродот, Ктесий, Страбонда сақтар мен массагеттердің бас киімдерінің төбесі үшкір, етіктері былғарыдан, ал сырт киімдері ою-өрнектің орнына аңның, құстың шынайы бейнелері салынған, жылтырауық бастырмалармен әшекейленіп, киімдерінің өзіндік бір ерекшелігі болғандығын сипаттап айтады. Үш бөлікті тік құрылымнан, екі не төрт (екі еселенген екі) бөлікті көлденең құрылымынан тұратын ғарыштың антропоморфты моделі қазақтардың дәстүрлі мәдениетіне де тән болған.

Ерте көне Ғұн, Түркі дәуірлерінде «Әлемдік модельдің» тұрақты нақышты белгілерін меңзейтін барлық бұйымдар

(таңба, мөр, ошақ, тымақ т.б.) дүниенің төрт бұрышына бағышталып жасалған. Мысалы, бөрік, тақия, сәукеле, тымақ тәрізді бас киімдер жердің моделі іспеттес. Тақия, бөріктің төбесі төрт қиықтан тұрады. Оның төрт шеті төрт мезгіл, төрт қиықты біріктіретін төрттігіс, әлемнің төрт тарабына бағытталған көк теректің төрт бұтағы, бас киімге тағылатын үкі көк аспанға бой көтерген көк теректің нышаны. Сәукеле мен бөріктің ернеуі жердің нышаны, оның шошақ төбесі – тау, биік төбе, үкісі немесе шашағы ежелгі аңыздағы алып бәйтеректі бейнелесе, әр шетінің ұшы үш-үштен, яғни әр тоқсанда үш ай бар, ол адамның үш кезеңі, дүние есігін ашу, дәуірленген жастық шақ және қарт мезгілді сипаттаған. «Көшпелі адамға тау жақын әрі қымбат. Тау бейнесі арқылы биіктік пен тазалықты, ол ең қымбат және мәңгі нәрсемен байланыстырады. Мұның өзі мәңгіліктің бастапқы рәмізі болып табылады. Тау бейнесі өте үшкір пішінімен қанатын жайған бүркітті, аузын ашқан арыстанды бейнелейді. Әшекейлердің пішіндері мен олардың идеясына жасалған талдау, безектердің сипаты мен мағынасы екі қағиданы айқын анықтауы мүмкін» [6, 87б.]. Ол, біріншіден, әйел табиғатының сұлулық қасиеттерін эстетикалық тұрғыдан күшейте түсуге ұмтылуынан туындаған қағида болса, екіншіден, бас киім мен оның жеке бөліктеріне тағылған әшекейлер жын-шайтаннан және сұқ көзден сақтап жүретін қорғаныш тұмар туралы ақпарат берген.

Бас киім пішіні мен материалының мәні ғарыш сырымен астасып жатыр. «Бас киім пішінінің дөңгелек шеті мен жүндес төменгі жиегінің ортасынан жоғары қарай бой түзеген ашық түсті конус пен оның төрт қиық бөлігіндегі жіптер және ою-өрнектер өмір ағашын,

ал қошқар мүйізді оюлар бәйтерек ағашының жүйесін құрайды. Мұндағы бас киімнің жүндес материалы құт пен бақты білдіретін мәнге ие», - деп анықтама береді Б. Г. Ибраев [7, 44 б.]. Демек, бас киім материалындағы қой жүні «құт - фарн» ұғымы «бақыт», «молшылық», «игілік», «гүлдену» секілді мәнмен байланыстырылып, күрделі идеологиялық кешеннің бір бөлігін құраған. Ертеден көшпелі ғұмыр кешіп, табиғат аясында үнемі жүретіндіктен желкені, құлақты, маңдайды суықтан тонып, үсіп қалмауына да қазақ халқы аса мән берген. Сол кезде тымақты төрт сай етіп тігіп, бұрышынан «құлақ басар», «желкелік» істеген. Құлақ басарды кез келген уақытта түсіре берген. Н. Шаханованың айтуынша, «Адам – киім» жүйесі қазақ дүниетанымының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Киім кешені және оның құрамдас элементтері біртұтас семантикалық мәнге ие. Ол «жоғары - төмен», «сакральды – дүниелік», «көбею – ұрпақсыздық», «аталық – аналық» және т.б. әмбебапты категориялар ретінде танылады.

Киім - «адам мәдениетінің терісі», ол адамға бүкіл заттар әлеміндегі ең жақыны. Саян-Алтай түркілерінде «құт» сөзі генетикалық тұрғыдағы мағыналармен байланысты «өмірдің, отбасының бастауы», «өмірлік күш», «жан құрсағы» секілді ұғымдарды білдірген. Киім және оның қандай да бір элементтері иесіне игілік, құт әкелуші деп саналған, яғни киім иесін айқындайтын зат, таңба ретінде ұсынылған. Мәселен, «киім алу» термині ол киім иесінің игілігін өзіне баулу үшін өзге адамның киімін сұрап киген. «Жаңа киім сатып алған адамға «құтты болсын» айтылуы т.б. Киім бергенде киім иесінің бір бөлігі «құтпен» қоса кететіні туралы түсінік болса керек, сондықтан біреуге киім бергенде оның

бір түймесін алып қалатын болған. Басты сакральды киім қызметі көбею, өнімділік, игілік, жақсы денсаулық, қуатты қамтамасыз ету, ол костюмнің түс нақышы арқылы да берілді. Барынша репродуктивті жасында әйел костюмінде қызыл түс басым болса, қартаю шағына қарай ақ түс басым болған [8, 67 б.].

Киімдегі белгілі бір көркем рәміздерге байланысты түсініктер қазақ киімінің ою-өрнектерінде, пішіндерінде сәндік бөлшектерінде алуан түрлі көркемдік мәнге ие болып, түрлі халықтардың дәстүрлі мәдениетінде кеңінен орын алған.

Табиғат әлемі адамдардың мақсат-мүдделік және мақсат-мұраттық қызметі үдерісінде адам әлеміне айналған. Табиғатты оның көші-қонға, егіске, бақшаға, жеміс-жидек ағашына жарамды кеңістік ретінде игерген.

Ертеде мәдени және әлеуметтік қызметтердің көпшілігі нақыштар арқылы жүзеге асырылып отырған. Ата-бабаларымыз дүние туралы өз түсініктерін, табиғат күштеріне деген қатынастары туралы рәміздік белгінің құрылымдық жүйелерін ұрпақтан-ұрпаққа мирас етіп қалдырып отырған. Мәселен, киімдегі тігіс пен тоқыма өнеріндегі суреттер кездейсоқтықтан пайда болған жоқ. Кездейсоқтық тек XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қаланың әсері жеткілікті болған тұрғылықты орындарда көрініс тапты. Халықтың тұрмысындағы әрбір зат практикалық, күнделікті, таптық, эстетикалық, сиқырлық, аймақтық бұйымдар қызметі және т.б. секілді жинақталған қызметке ие болады [9, 297 - 360 бб.]. Осы жағдайға байланысты қандай да бір тәртіппен бұл зат қызметінің бірі күшейіп, енді бірі екінші жағынан ақпарат берген. Мысалы, күнделікті жағдайда тәжірибелік әрекет

басым болса, халықтық киім үшін таптық, эстетикалық, аймақтық бұйымдар әрекеті оның ізінен реттілікпен жүріп жатады.

Қауымдық сана қоршаған орта ерекшеліктеріне, қауымдық болмыстың тіршілік-тынысына байланысты дамып, табиғатты игеру барысында адамдардың тәжірибелік іс-әрекеттерін бейнелейтін дәстүрлі әдет-ғұрыптардың сан алуан қарапайым түсініктерінде пайда бола бастаған.

Дәстүрлі өмір салты қоршаған орта болмысымен адамды бірлікте қарастырып, оны өзіндік заңдылықтарына бағындырған. Халықтың өткені мен болашағын байланыстырып тұратын дүниетанымдық түсінік, тұрмыстық салт-жора, ырым мен рәміздік белгілердің өзіндік келбеті кеңістікте қайталанып отыратын уақыт ырғағына сәйкес анықталған.

Киімдердің көркем бейнелі шешімдерінің өзі қоршаған ортамен байланысты дамыған. Ондай заттар әрі пайдалы, әрі көзге тартымды, әрі айналасындағы заттармен үйлесімділік тауып, адамның әр іс-әрекеті, әлемді модельдейтін әмбебап мифологиялық үлгімен сәйкестендірілген. Мұндай заттарды жасау ісі күнделікті, сакральдық және мифтік деңгейлерде әлемдік үйлесімділікті нығайту және оны қалпына келтіру болып саналған. Кез келген шығармашылық, жаратушылық әрекет өмірлік қажеттіліктермен ғана емес, ғұрыппен де мақұлданған. Сондықтан түркі халықтарының дәстүрлі мәдениетінде кез келген рационалдық білім, иррационалдық түсініктер, практикалық іс-әрекеттер мифтік ғұрыппен бөлінбейтін тұтастықта болып, қолөнер саласында кез келген затты өндірудің технологиялық үдерісі міндеті түрінде ғұрыпқа айналған.

Қорытындылай келсек, сан ғасырлардан бастау алатын түркі халықтарының тұрақтанған дәстүрлі мәдениетіндегі ұлттық құндылықтарының рәміздік белгілері сыртқы мәдени әсерден емес, өз ішінен, өз ортасынан ұзақ уақыт қозғалысты дамудың бастан кешкені белгілі.

Бүгінгі таңда дәстүрлі мәдениеттегі ұлттық киімнің рәміздік белгідегі сәйкестігін, мазмұнын, этнобелгілік қызметтерінің арақатынасын тәжірибелік тұрғыдан зерттеу қажет. Дәстүрлі мәдениетте әлем біртұтас қабылданғандықтан, дүниенің барлық заттары мен құбылыстары көптеген қызметтік мәнге ие. Заттардың семиотикалық, нышандық мәнінің маңыздылығы оның пайдалылық құндылығынан кем болған жоқ. Сондықтан олар пайдалылық және рәміздік талаптарға бірдей сәйкес келгенде ғана зат та, нақыштық белгі де бола алатын нәрселер ғана толық құнды зат болып мәдени феномен ретінде ақиқатқа ие болады. Ежелгі дәуір кезеңінің өркендеу үрдістерінде киім адамның тек «жамылғысы» ғана емес, белгілі бір өмірлік топтама үрдістерінің мәнімен айқындалып, әдет-ғұрып нысаны болып көрініс тапқан. Киімге байланысты барлық түркі тілдес халықтардың түсініктерінде «құт» ұғымы күрделі ойдың бейнелеу нысаны болып сипатталған.

Дәстүрлі қазақ мәдениетінде киімнің құндылығы жоғары деңгейде маңызды болған, ал зат тек өзінің тура міндетін емес, әлеуметтік қатынастың белгісі ретінде қолданылған. Қазіргі қоғамда әлемді заттар мен белгілерге бөлу сияқты арнайы белгі жүйелері сипатталмайды. Дәстүрлі мәдениетте әр нәрсе тәжірибелік және рәміздік талаптарға сәйкес келгенде ғана

мәдениет феномен ретінде шартты белгі толығымен заттың құндылықтық қасиетін ақиқаттайды. Өйткені киім-кешек арқылы адам ағзасының құрылымы мен қызметін сипаттау қасиеті, әдетте, таным негізінде қалыптасқан, оларды зерттемей киім кешені туралы толық түсінік беру мүмкін емес. Дәстүрлі мәдениетте «Әлем үлгісі» ретінде адам тәні мифтік ғарыштың ең көрнекті көрінісі болып танылған. Ерте көне мәдениетте адамның басын таудың шыңына, арқасын қыратқа, қолын арна мен жыраға және белгілі бір тау жынысының орналасқан жер жарықтарын ағаштың тамырларымен кез келген объектіні адам тәнімен ұқсас сәйкестендіре отырып, әлемді бейнелеген. Егер «құт» ұғымын адамға қатысты айтсақ, «байлық», «молшылық», «игілік», «рух», «жан» тәрізді күрделі ой танымдық мәнді толықтырады. Бас киімнің жоғарғы әлем киелілігімен байланысы скиф сақ заманындағы еуразия көшпенділер мәдениетінің дәстүрінен белгілі. Баспен байланысты көріністер сол кезеңде «құт» түсінігінде орын алған деуге негіз бар. Қазақтың ырымында «бауыры құтсыз», «құтым ұшты», «басынан құт кетті» деген сөздерде кездеседі. Шағын белгі арқылы көп мағлұмат беру әшекей бұйымдар мен киім үлгілерінде дәстүр әрекеттерде қолданылатын арнайы нақыштық, нышандық бұйымдарда қолданылған. Жүріс-тұрыс, қарым-қатынас жасау, киім кию, шаруашылық бастау, тіпті қимыл қозғалыс мән-мағынасына ие болған. Киім адамның өмір сүруіне аса қажетті негізгі құралдардың бірі бола отырып, белгілі дәрежеде олардың жас айырмашылығы, әлеуметтік жағдайы мен эстетикалық ортасы туралы мағлұмат беретін этномәдени белгі.

Адам өмірінің өзегіне айналып,

бірлігін қалыптастырып отырған
шығармашылық қатынас ұрпақтан-
ұрпаққа жалғасып, атадан балаға

мирас болып, салт-жораларда, табиғи
заңдылықтарда, мәдени мұраларда
сақталып жалғасын табу үрдісінде.

Әдебиеттер:

1. Фабдуллин Б. Шоқан, Ыбырай және Абай дін туралы: Шаманизм, ислам, атеизм, деизм, антиклерикализм. Алматы: Қазақстан, 1988. 104 б.
2. Мелетинский Е. М. Поэтика мифа. М., 1976. 237 с. (214—215)
3. Лосев А. Ф. История античной философии. М.: Мысль, 1989. 207 с.
4. Кейпер Ф. Б. Труды по ведийской мифологии. Пер. с англ. Под ред. Т. Я. Елизаренкова. М.: Наука, 1986. 195 с. С. 122.
5. Шакенова Э. Художественное освоение мира. Коллективная монография «Кочевники. Эстетика»: Познание мира традиционным казахстанским искусством. Алматы: Ғылым, 1993. С. 264. (87).
6. Труды Академии художеств СССР: Вып. 5: Сб. Статей, Т. 78. НИИ теории и истории изобраз. искусств ордена Ленина Акад. Художеств СССР. М: Изобразительное искусство, 1988.
7. Ибраев Б. Космогонические представления наших предков. Декоративное искусство СССР. 1980. № 8. С. 188.
8. Шаханова Н. Мир традиционной культуры казахов (этнические очерки). Алматы: Қазақстан, 1998. 184 с.
9. Богатырев П. Г. Вопросы теории народного искусства. М.: Искусство, 1971. 544 с.

Автор туралы мәлімет: Крыкбаева Сара Мукашевна - өнертану кандидаты, қауымдаст. профессор м.а. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті.

e-mail: sarakm@yandex.ru

Қалдыбаева Гулмария Ауелхановна - Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің аға оқытушысы.

e-mail:cool.gulmariya@mail.ru

Сведения об авторах: Крыкбаева Сара Мукашевна — кандидат искусствоведения, и. о. ассоц. профессор Казахского государственного женского педагогического университета.

e-mail: sarakm@yandex.ru

Қалдыбаева Гулмария Ауелхановна — старший преподаватель Казахского государственного женского педагогического университета.

e-mail: cool.gulmariya@mail.ru

Author's data: Krykbayeva Sara Mukashevna -a candidate of Art Study sciences assoc. prof. at Kazakh State Women's Teacher Training University.

e-mail:sarakm@yandex.ru

Kaldubayeva Gulmariya Auelhanovna -tutor in the Kazakh National Pedagogical University.

e-mail:cool.gulmariya@mail.ru